

«Тексерілді»
«Балбөбек» жекеменшік
шағын орталығының
әдіскері Садри Г.К.Сагпазова

Мерекелік ертеңгілік

Тақырыбы: «Алтын күз»

Өткізген: №1 кіші топ «Күншуақ» тобының тәрбиешісі С.Сарсенова

2022/2023 оқу жылы

Тақырыбы: «Алтын күз!»

Мақсаты: күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Мерекелік көңіл-күй орнату. Балаларды ән салуға, би билеуге, түрлі іс-әрекеттерге тарту, бейімділіктерін арттыру.

Мерекеге сай безендірілген топ. Әдемі сазды әуен ойналып тұрады. Бүлдіршіндер тәрбиешімен бірге кіріп, орындықтарға жайғасады. Балалардың қолдарында жапырақтар.

Тәрбиеші: Құрметті қонақтар, ұстаздар, балалар! Бүгін «Балбөбек» кіші тобының балалары дайындаған «Алтын күз» атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер!

Армысыздар халайық!

Бармысыздар халайық!

Күзгі тойды жұп жазбай

Келіндер қарсы алайық!

Тәрбиеші: -Қарандаршы, бүгін біздің сыныбымыз қандай әдемі болып кеткен қолымызға не ұстап келдік? -Жапырақтар
-Осы жапырақтардың түсі қандай? -Сары

(сырттан бір дыбыс естіледі, желдің шуы)

-Балалар, тыңдаңыздаршы бұл не шу?

(Осы кезде әдемі әуенмен Күз ханшайымы келеді)

Күз ханшайымы: -Сәлеметсіздер ме, балалар!

Балалар: -Сәлеметсіз бе!

Күз ханшайымы: -Уа, халайық, дархан далам армысың

Табиғатым жаны жайсан тал мүсін

Ханшайымы күздің бүгін келіп тұр

Алмақ болып бар халқымның алғысын

-Мен Күз ханшайымымын. Сендерді көргеніме қуаныштымын

Тәрбиеші: Қош келдің, Күз ханшайымы! Төрлет!

Күз ханшайымы: Балалар, мен сендерге бір жұмбақ жасырайын

Ағайынды бәрі,

Шықса –жасыл

Түссе-сары. Бұл не?

Балалар: Жапырақ

Күз ханшайымы:- Дұрыс таптыңдар, жарайсыңдар! Мен өзіммен алтын жапырақтарымды ала келдім. Әр жапырағымда тапсырмалар. Егер де тапсырмамды орындасаңдар, менің де сендерге деген сыйлығым бар

Тәрбиеші:- Әріне, қымбатты Күз ханшайымы! Біздің балалар күз туралы өлең, тақпақ, жұмбақтар шеше алады. Сіз жайланып отырып, балалардың өнерін тамашалаңыз

Тәрбиеші:- Міне Күз ханшайымның бірінші тапсырмасы, «әдемі ән» дейді. Олай болса

Ән: «Тамшылар»

Тәрбиеші:- Міне Күз ханшайымның екінші тапсырмасы, «би билейік».

Би: «Жапырақтар»

Тәрбиеші:- Міне Күз ханшайымның үшінші тапсырмасы, сұрақ-жауап:

1-сұрақ:- Қазір жылдың қай мезгілі? (Күз мезгілі)

2-сұрақ:- Күз айларын ата (Қыркүйек, қазан, қараша)

3-сұрақ:- Күз мезгілінің ерекшеліктерін ата (Күн салқындап, жапырақтар сары түске ене бастайды, жаңбыр көп жауады).

Күз ханшайымы: Ой бәрекелді, балалар тапсырмамды бұлжытпай орындап келесіңдер. Енді сендермен бір ойын ойнайық.

Ойын: «Егін» ойыны Екі шеңберде көкөністердің муляждары орналасқан. Залдың екінші шетінде себеттер бар. Екі бала бір көкөністі құрсаудан себетке апарды: кім жылдам. Ойын 2 рет ойналады.

Күз ханшайымы: Осында менің жаңбырымның тамшылары да бар екен. Олай болса, бірге би билеп, тамшыларымның көңілін көтерейік.

Би: «Тамшылар»

Тәрбиеші: Күз ханшайымы, біздің балалардың талантылығы, ептілігі ұнаған болар.

Күз ханшайымы: Иә ұнады. Балаларға уәде еткендей себет толы күз сыйын тарту етемін. Ал, енді мен жолға шығайын. Сендердей әдемі бүлдіршіндер мені басқада балабақшаларда күтіп отыр.

Тәрбиеші: Күз ханшайымы сыйлығыңыз үшін рақмет. Олай болса Күз ханшайымымен әндетіп қоштасып шығарып салайық.

Ән: «Күз келді»

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, бүгінгі №1 «Балбөбек» кіші тобының дайындаған «Алтын күз!»-атты ертеңгілігімізді аяқтаймыз. Балалар, Күз

ханшайымының сыйнан дәм тататын да кез келіп жетті, тобымызға барайық.
Сау болыңыздар.

